

І. ЖАНСҮГІРОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН ТАЛДАТА ОТЫРЫП, ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ ҚАБІЛЕТТІЛІКТЕРІН ДАМУ

Жанысбекова Ш. Т., докторант

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

E-mail: sh_zhanysbekova@mail.ru

Мақалада І. Жансүгіров шығармаларын талдата отырып, оқушылардың прагматикалық қабілеттерін дамыту мәселесі қарастырылады. Прагматика, прагматикалық қабілет ұғымдарының теориялық негіздеріне шолу жасалып, оның прагматикалық тілдік қабілет және коммуникативті прагматикалық қабілет негізінде дамитындығы туралы пікірлер келтіріледі. І.Жансүгіров шығармаларын талдау арқылы прагматикалық қабілеттерді дамыту коммуникативті және прагматикалық, интерактивті тапсырмалары келтіріледі.

Тірек сөздер: прагматика, прагматикалық қабілет, шығарманы талдау, тапсырма, шығармашылық.

В статье рассматривается развитие развитие прагматических способностей учащихся на основе анализа произведений И.Жансугурова. Рассмотрены обзор теоретических основ концепций прагматики, прагматической способности, а также ее развитие на основе прагматической языковой способности и коммуникативной прагматической способности. Даны коммуникативно-прагматические, интерактивные задания на развитие прагматических способностей на основе анализа произведений И. Жансугурова.

Ключевые слова: прагматика, художественный текст, анализ, школа, метод, творчество.

The article discusses the development of the pragmatic abilities of students based on the analysis of the works of I.Zhansugurov. The review of the theoretical foundations of the concepts of pragmatics, pragmatic ability, as well as its development on the basis of pragmatic language ability and communicative pragmatic ability are considered. Communicative-pragmatic, interactive tasks for the development of pragmatic abilities based on the analysis of the works of I. Zhansugurov are given.

Keywords: pragmatics, artistic text, analysis, school, method, creativity.

Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауында [1], «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасында «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана» деп ұлттық кодымызды сақтауға үлкен мән береді [2]. Сондықтан, ұлттық кодты сақтау мәселесі орта мектептен бастауы алуы тиіс. Сол үлкен жауапкершіліктің бірі ел тәуелсіздігімен бір қайта оралған халық мұраларын қазақ тілі мен әдебиетінде тың әдістермен терең танытуға басымдылық берілуі арқылы жүзеге асырылады. Мұндай талаптарға қол жеткізуде оқушылардың қазақ әдебиетінің бай мұрасы арқылы коммуникативтік қабілеттерін, соның ішінде сөйлемді дұрыс құрылымдау, дискурс теориясына негізделген прагматикалық қабілеттерін дамыту кезек күттірмейтін мәселе екендігі анық.

«Прагматика» ұғымының өзі мен жеке тұлғаның прагматикалық құзыреттілігі туралы әртүрлі түсіндірмелер бар. Прагматикалық құзыреттілік прагматикалық тілдік құзыреттілік және коммуникативті прагматикалық құзыреттілік болып екіге бөлінеді [3]. Прагматикалық тілдік құзыреттілік грамматикалық құзыреттілікке негізделген, прагматикалық құзыреттілік коммуникативтік құзыреттілік құрамдас бөлігі ретінде тілді оқытудың маңызды аспектісі болып табылады. Ол айтылымның ситуациялық өзектілігін, әлеуметтік-мәдени контекстін, менталитетін, сөйлеушілердің жасын, білімі мен әлеуметтік жағдайын, сөйлеу конвенцияларының орындылығын ескере отырып, сөйлеу әрекеттерін барабар түсіндіруді қамтамасыз етеді. Коммуникативтік прагматикалық құзыреттілік – тілдік, пәндік, лингвистикалық, прагматикалық құзыреттіліктерді қамтитын бірнеше компоненттерден тұратын табиғи қарым-қатынас немесе арнайы ұйымдастырылған оқыту процесінде алынған тұлғаның ерекше сапасы. Прагматикалық құзыреттілік кәсіби өзара әрекеттесу схемаларына сәйкесінше белгілі бір функционалдық мақсаттарға арналған тілдік құралдарды (іске асыру коммуникативтік қызметтері, сөйлеу әрекеттерінің генерациясы) қолдану қабілетін болжайды. Ол мыналарды қамтиды: 1) дискурсивті құзыреттілік (мәлімдемелер құрастыру, оларды мәтінде біріктіру ережелері туралы білімі); 2) функционалдық құзыреттілік (әртүрлі коммуникативті функцияларды орындауға арналған мәлімдемелер қолдану іскерлігі); 3) сөйлеуді схемалық тұрғыда құрастыру құзыреттілігі. Сонымен қатар тақырыпты, белгілі жаңа ақпаратты, қарым-қатынас стилі мен регистрін, әңгімелесушіге әсер етуді және т.б. ескере отырып, сөйлемдерді біртұтас мәтінге біріктіру қабілеті кіреді. Сондай ақ, сөйлеу жағдаяттарына бейімделу дәрежесі, диалогты жүргізе білу, мәлімдеме тақырыбының дамуы, мәлімдеменің тұтастығы мен үйлесімділігі аспектілерін де қамтиды [4].

Оқушылардың аталған прагматикалық құзыреттілік деңгейін дамытуға шығармаларды талдау арқылы қол жеткізуге болады. А.Байтұрсынұлы, М.Жолдыбайұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Әуезов, Ә.Үсенов, М.Қаратаев, Ш.Кәрібаев, А.Көшімбаев, Ә.Қоңыратбаев, Т.Ақшопанов, Қ.Тасболатов, Ә.Дайырова, С.Тілешева, С.Қалиев, Т.Жұмажанова, Б.Әрінова, Г.Құрманбаева сынды т.б. әдіскер ғалымдардың жазған еңбектерінде шығарма талдау жайы жөнінде пікірлер айтылады [5]. Ғалымдардың еңбектерінде шығармаларды талдаудың нысанына жататын құрамдас элементтер - шығарманың жазылу, шығу тарихы, балама нұсқалары, тақырыбы, идеялық мазмұны, композициясы, сюжеті, кейіпкерлер әлемі, олардың өзара қарым-қатынасы, суреттеу құралдары, жанрлық, стильдік, тілдік ерекшеліктері, қазіргі және бұрынғы өткен көркем әдебиетпен байланысы, қандай әдеби бағытқа жататыны, ақын, жазушы шығармашылығының халықтық сипатының көрінісі, қоғамдық және тарихи-әдебиеттік маңызына назар аударылады.

Соның ішінде І.Жансүгіров шығармаларын талдасақ, негізгі тақырыптары өмір шындығы, тарихи оқиғалар, ұлт тағдыры баяндалады. Ақын «Арман», «Көңілдің жүгірісі», «Өзіме», «Сәлемдеме», «Замандасқа», «Талғамалар», «Жаңылғаным» өлеңдерінде қоғамдық, саяси теңсіздікті көрсетіп, оқу-ағарту, білімге шақыру, өнерге, еңбекке үндеу мәселелерін көтерген, әр шығармасында тілінің көркемдігі, сөз образдарының байлығы арқылы сөзбен сурет салған десек те болады.

І.Жансүгіров шығармаларын талдау арқылы прагматикалық құзыреттілікті дамытудың мақсаты - оқушыларды лингвистикалық құралдарды тіл нормалары тұрғысынан ғана емес, І.Жансүгіров шығармаларындағы тілдің көркемділігін және сөз образдарының байлығын ескере отырып, коммуникативтік құзыреттілікке сәйкес дұрыс пайдалануға үйретуге деген ниет болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін мұғалімдер социопрагматикалық тапсырмалардың екі түрін қолдануы керек: коммуникативті-прагматикалық және интерактивті. Коммуникативті-прагматикалық тапсырмалар белгіленген коммуникативті мақсаттарға, контексттің мазмұны мен ерекшеліктеріне сәйкес сөйлеу мінез-құлқындағы әлеуметтік-мәдени стратегияларды таңдау және қолдану бойынша жаттығуды қамтиды.

Коммуникативті және прагматикалық тапсырмаларға мыналар жатады:

- сөйлеушінің сөйлеу әрекетінің прагматикалық мақсатын тану және жүзеге асыру;
- адекватты әлеуметтік-мәдени жағдайда сөйлеу мінез-құлқының этикет формулаларын қолдану;
- таңдап алынған тілдің және сөйлеу құралдарының коммуникативті қолайлылығын болжау және тұжырым жасау;
- сөйлеу мінез-құлқының адекватты емес нұсқасын мәдениетке сай нұсқамен ауыстыру;
- сөйлеу әрекетінің вербалды емес құралдарын қолдану;
- әлеуметтік және мәдени қолайлы сөйлеу тәртібін таңдау және жүзеге асыру [6, б. 5].

Интерактивті тапсырмалар мәдениетаралық қарым-қатынас жағдайында шынайы сөйлеу әрекетін модельдеу үшін барабар әлеуметтік-мәдени стратегияларды қолдануға және өзгертуге бағытталған. Бұл типтегі тапсырмалар еркін сипатта болады және тілдік қарым-қатынастың өзгермелі әлеуметтік-мәдени жағдайында сөйлеу әрекетінің коммуникативтік икемділігін қалыптастыруға ықпал етеді. Оқушыларды әңгімелесушінің мәлімдемеге реакциясын талдауға және осы ақпарат негізінде қарым-қатынастың одан әрі бағытын анықтауға үйрету қажет. Бұл жағдайда сәйкес дағдыларды қалыптастыру процесінде келесі лингводидактикалық жоспарлауды жүзеге асыруға болады:

1. Коммуникативті актінің прагматикалық қызметтеріне сәйкес клише тіркестерін оқып-үйрету. Оқушылардың негізгі міндеттеріне зерттелген клишелерді пайдалана отырып, мәлімдемеге кері байланыс жасау кіреді. Ұйымдастыру формасы бойынша, бұл жұптық жұмыс болуы мүмкін: бір оқушы тізімде көрсетілген функциялардың біріне сәйкес келетін белгілі бір сөз тіркесі жазылған картаны шығарады. Мысалы, І.Жансүгіровтың Құлагер поэмасындағы «Туған жер» тарауында жазушының өзін, лирикалық кейіпкер ретіндегі тебіренісін, өз сырын, өз монологын берсек: *«Көк орман, көркем тоғай, маужыраған, Сұлудың көзіндей көл жсаудыраған. Малта тас, маржан ақық, меруерт тас, Төгіліп көл жиекке саудыраған. Көк кілем балаусасы балбырағын, Ақ жібек жапырағы жалбырағын. Ақ қанат аспандағы сонда жауып, Бал бұлақ таудан, тастан орғылаған.»*

Осы монологты оқушы серіктесіне оқиды, ол мүмкін болатын коммуникативті әрекет функцияларының біріне сәйкес жауап беруі керек. Бастапқыда бұл функция бір картада көрсетілуі мүмкін (мысалы, «таңдану», «сұраныс құрастыру» және т.б.), кейінірек оқушыдан жауаптың қай түрі айтылған сөз тіркесінің мағынасына көбірек сәйкес келетінін өз бетінше анықтауды сұрауға болады. Бірінші фразаны сөзбе-сөз емес, прагматикалық функцияны сипаттау түрінде («сұрау», «рахмет айту» және т.б.) беруге болады [1, б. 24].

2. Екінші кезеңде жауапты талдау қабілетінің қалыптасуы басталады. Бастапқыда барлық мүмкін болатын шарттарды алдын ала оқушыларға белгілеп, білуге болады. Сонымен, әңгімелесуші айтылған сөзге таңғалумен немесе түсінбеушілікпен, қарсылықпен жауап беруі керек. Бірінші оқушы әңгімелесушісіне нақты ненің түсініксіз екенін, таңғалуға, қарсылыққа не себеп болатынын және т.б анықтауы керек. Осындай тренингтен кейін екі әңгімелесушіге кездейсоқ карталарды таңдауға ойын ұйымдастыруға болады, яғни оның ішінде бірінші картаға сөз тіркесінің функционалдық сипаттамасы, екіншісіне - әңгімелесушінің жауабы беріледі. Мәселен, қазақ қиялындағы ең жақсы ат боп суреттелген Құлагер белгілі ат сыншысы Күреңбайдың көзімен беріледі. «Мақтаған жануарың осы ма?» - деп, Ақанды күлкі қылады. Құлагердің алдынан аң құтылмас, артынан жылқы жетпес өрен жүйріктігін бірден танып, *«Тәует бас, қамыс құлақ, құраған жақ, Құлан жал, бұлан мойын, қой жұтқыншақ. Қоян жон, жазық жая, жауырынды, Құс топшы, қос шынтағы қалыңқырақ...»* - деп, эпитет, теңеу жасағанда құлан, бұлан, қой, қоян, құс, түлкі, тазы, ит тәрізді табиғат төсіндегі еркін тіршілік иелерінің қасиеттерін, солардың мүше бітімін алады. Илияс халық фольклоры, классик ақын дәстүріне сүйене отырып, ұшқан құстың қанаты талып, жүгірген аңның тұяғы күйетін ұзақ жерге шабатын өрен жүйрікті сипаттап берді.

Өңгімелесушілер серіктесінің картасында не жазылғанын білмеуі мүмкін. Сонымен қатар, комбинацияның мүмкін болатын қиялына қарамастан, реципиент өз реакциясын мүмкіндігінше дәлелді және нанымды көрсетуі керек, ал коммуникант оны талдай отырып, бір немесе екі сөз тіркесімен өзара әрекетті логикалық түрде жалғастырады. Сондай-ақ тіректерге негізделген диалогтар құруға болады, бірақ тірек ретінде дайын фразалар емес, өзара әрекеттесу құрылымының функционалдық сипаттамалары ұсынылады [5].

3. Үшінші кезеңде қарым-қатынастың әлеуметтік-мәдени контекстен кері байланыс түрі мен әдісінің тәуелділігін белгілеген жөн. Белгілі бір коммуникативтік жағдаятқа лексикалық-грамматикалық құралдарды таңдау кері байланыстың вербалды және вербалды емес сипатының ерекшеліктерін анықтайды [4]. Оқу-тәрбие процесінде бір-бірімен әртүрлі қарым-қатынаста болатын қатысушылар арасындағы диалогтармен жұмыс жасау өте тиімді. Біріншіден, сөйлеу этикетінің әртүрлі бірліктері қарым-қатынасқа қатысушылар қабылдайтын әлеуметтік рөлдерге байланысты қолданылады. Мұнда әлеуметтік рөлдердің өзі де, олардың әлеуметтік иерархиядағы салыстырмалы орны да маңызды. Әр жеке жағдайда әртүрлі әлеуметтік топтардың өкілдері арасындағы сөйлеу этикеті бірліктерін қолданудағы айырмашылықтар жинақталады. Мәселен, *Құлагер поэмасындағы сол заманғы жауыздықтың өкілі Батыраш рөлі мен жалғыздықпен дос болған Арқаның еркесі Ақан рөліндегі сөйлеу этикеттерін келтіруге* болады.

І.Жансүгіров шығармаларын талдау мен оқытудың кейінгі кезеңі жұмысты ұйымдастырудың әртүрлі формаларының үлкен таңдауын қамтамасыз етеді, олар да өзара әрекеттестіктің стихиялылығын, сәйкесінше кері байланысты орнату және жүзеге асыру мүмкіндігін дамытуға ықпал етеді. Біріншіден, пікірталас (мысалы, ток-шоу, іскерлік әңгіме) болады. Ол өзара әрекеттесуді табиғи қарым-қатынас жағдайларына жақындатады. Екіншіден, пікірталас бар жұмыстың бұл түрі кері байланысты орнату және кері байланысты талдау қабілетін мақсатты түрде қалыптастырады және дамытады.

Бұл жағдайда полемика мәдениетінің өзі осы дағдыларды дамытуға көмектеседі, бұл кезде қарсыластар айтылған дәлелдерге адекватты түрде жауап беруі, оларды сенімді түрде теріске шығаруы және қарсылас команда өз кезегінде әрекет етуі керек қарсы дәлелдер келтіруі керек. Сонымен қатар, ойын барысында спикерлерге командалар мен көрермендер тарапынан сұрақтар қойылады. Соңында жобалық іс-шаралардың тұсаукесері болады. Оқушылар, өз қызметінің нәтижелерін көрсете отырып, ол туралы аудиторияға негізді және анық айтып, туындаған сұрақтарға жауап беруі, олардың хабарламасының дұрыс түсінілгеніне көз жеткізуі керек.

Қорыта келе, І.Жансүгіров шығармаларын талдау арқылы прагматикалық қабілеттің тиімді қалыптасуына мұғалімнің оқытудың белсенді әдістерін қолдануы, сабақта кәсіби қарым-қатынастың шынайы жағдайларына барынша жақын жағдай жасауы ықпал етеді деп тұжырымдаймын.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы
2. Мемлекет басшысының «Болашаққа бетбұрыс: рухани жаңғыру» атты мақаласы. - Астана, 2017 // <http://www.akorda.kz> 2018.12.04.
3. Алкебаева Дина Ақбергенқызы. Қазақ тілі стилистикасының прагматикасы. Алматы, 2006, 270 б.
4. Арутюнова Н.Д., Падучева Е.В. Истоки, проблемы и категории прагматики. // НЗЛ. Вып. XVI. Лингвистическая прагматика. – М.: Прогресс, 1985. – 501 с, С.3 – 42.
5. Телия В.Н. Коннотативный аспект семантики номинативных единиц. – М.: Наука, 1986. – 141 с.
6. Азнаурова Э.С. Прагматика художественного слова. – Ташкент: Фан, 1988. – 121 с.